

Б.А.Жетпісбаева, Б.А.Бейсенбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### **Көптілді білім берудің педагогикалық мониторингі**

Мақалада көптілді білім беру үдерісін аса тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тілдің жағдаяттардың педагогикалық аспектілері қарастырылды. Авторлар әлеуметтік-лингвистикалық құрамдас бөлікте жүйеленген тілдік жағдаят белгілерінің жиынтығын анықтады. Берілген ереже қазіргі лингвистикалық жағдаяттың педагогикалық өлшем параметрі ретінде қолданылуы мүмкін. Тіл мәртебесі, лингвистикалық құзыреттілік және тілдік саясат тілдік жағдаяттың әлеуметтік-лингвистикалық құрамдас бөлігінің өлшем дәрежесі ретінде ұсынылған.

*Кілтті сөздер:* көптілді білім берудің жүйесі, педагогикалық мониторинг, көпмәдениетті тұлға, этномәдениет субъектісі, этнос субъекті, педагогикалық басқару, көптілді тұлғаның критерийлері, құраушы компоненттер, көптілді білім берудің педагогикалық мониторингінің құрылымы, инновация.

Қазіргі білім беретін тәжірибенің инновациялық тұғырларының бірі педагогикалық мониторингті өңдеу және жүзеге асыру болып табылады. Педагогикада мониторингті былайша түсінуге болады:

- оқу үдерісін толассыз, ұзақ қадағалау және оны басқару;
- оқыту және тәрбиелеу жағдайын ұзақ қадағалау және қатысушыларды қолайсыз, кризистік және ретгіз ахуалдар болуы ықтимал екенін дер кезінде хабардар ету арқылы осы процестерді басқару [1];
- педагогикалық жүйенің іс-әрекеті жайында кез келген ақпаратты өңдеу, сақтау және мәлімет беру жүйесі;
- педагогикалық іс-әрекеттердің нәтижелерінің зерттеліп отыруы;
- алғашқы жорамалдарға немесе керекті нәтижеге оның сәйкестігін анықтау мақсатымен білім берудегі қандай да бір үдерісті үнемі қадағалау;
- білім беру мен тәрбиелеудің тиімділігін үздіксіз зерттеудің және мектеп қызметін реттейтін және түзететін басқарушылық шешімдерді қабылдаулардың диагностикалық қисынды жүйесі [2];
- оқушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін психолого-педагогикалық зерттеу және ұстаздардың қызметіне ғылыми-әдістемелік бақылау жасау жүйесі.

Соңғы ұйғарым, біздің ойымызша, педагогикалық мониторингтің өзгешелігін дәлірек анықтайды, себебі педагогикалық іс-әрекетте мына екі бағыт үнемі орын алады: оқушы іс-әрекеті және оқытушы іс-әрекеті. Бұл бір-біріне мүмкін болмайтын әрекет.

Жоғарыда көрсетілген анықтамаларда педагогикалық мониторингтің педагогикалық жүйелерді басқару процесімен, педагогикалық үдерістермен және педагогикалық қызметпен түйінділігі туралы ой табандылықпен сезіледі. Сол себептен біз оны педагогикалық басқарудың әдісі және құралы ретінде қарастыру толық мүмкін деп есептейміз. Демек, педагогикалық мониторинг келесі технологиялық басқару үдерістері арқылы жүзеге асырылады: бастапқы деректердің жиыны (БДЖ); ақпараттар ағысын өңдеу (ААӨ); шешімдердің нұсқаларын өңдеу (ШНӨ); шешімдердің нұсқаларын келістіру (ШНК); басқару шешімдерін қабылдау (БШҚ); шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету (ШОҚ); қабылданған шешімді бағалау (ҚШБ).

Осы мәселені зерттеушілер мониторингтің сипаттарының арасында мыналарды ерекше айқындайды: толықтықты, орындылық, адекваттық, әділдік, дәлме-дәлділік, уақыттылық, қолжетімділік, толассыздық, құрылымдық және мониторингтің әрбір деңгейінің ерекшелігін. Ал оның негізгі әдістеріне мыналарды атауға болады: қандай да бір жүйенің даму қалпына болжау жасау, баға беру және бақылау. Біз бұларға мониторинг жүйесінде кездейсоқ емес және әділ ақпаратты бекітіп есепке алуға мүмкіндік беретін әдістер тобын қосамыз.

Атап айтқанда, осы әдістер тобына тәуелсіз сипаттама әдісі, жеке пікірлерді объективтендіру/әділ бағалау/ әдісі жатады. Мысалы, мектептерде бұл әдістер мониторинг деректері негізінде басқару шешімдері алқалы түрде талқыланып, келісіп қабылданатын психолого-педагогикалық консилиумдарды дайындау және өткізу кезінде негізгі әдістер болып табылады.

Педагогикалық мониторинг білім беру қызметін бағалауды қалыптастыруға арналған құрал ретіндегі жүйе арқылы жүзеге асады. Білім беру қызметін бағалау бірнеше ұстанымдар арқылы айқындалады:

- үдерісті бағалау;
- нәтижені бағалау;
- нәтиженің қойған мақсатқа сәйкестігін анықтау;
- жүйенің алғашқы және соңғы күйінің сәйкестігінің арақатынасын бағалау.

Көптілді білім берудің педагогикалық мониторингісін біз оның бақылау нысанының жай-күйін немесе қандай да бір үдерістің ағымын қадағалайтын өзіне тән ерекше көрсеткішін жасаудан бастадық [3]. Сонымен қатар біз көптілді білім берудің педагогикалық көрсеткіштерін оның болжамды нәтижелеріне сәйкес құрастыру керек деп есептейміз. Ондай нәтижеге көптілді тұлғаны жатқызуға болады. Көптілді тұлғаның құрылымын анықтау кезінде біз ғылымда жасалған тілдік және екінші тілдік тұлға концептеріне сүйендік. Тілдік тұлға дегеніміз — өздерінің тілдік құрылымының күрделілігімен болмысты терең және дәл бейнелеуімен, белгілі мақсатты бағытымен ерекшеленетін, олардың тілдік мәтіндерді жасау мен қабылдауынан пайда болған адамның қабілеттері мен мінездемесінің қосындысы [4]. Екінші тілдік тұлға концепті адамның мәдениаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға қабілетімен байланысты. Бұл қабілет оқытылып отырған тілдің вербалды-семантикалық шартты белгісін меңгеру, яғни, дүниенің тілдік бейнесін (екінші тілдік сана) және дүниенің ғаламдық бейнесін (концептуалды) меңгеру арқылы пайда болады [5].

Біздің жағдайда сөз етіп отырғанымыз, көптілдік білім беру болғандықтан (тек ғана тілдік немесе басқа тілдік емес), біз белгілі лингвосоциумдағы бірнеше тілдердің арақатынасы жайында ұмытпауымыз керек. Онда осы мәселенің этникалық жағы туралы сұрақ заңды түрде пайда болады. Өйткені тек этнолингвосоциум ғана бірдей дәрежеде монолингвалды да, полилингвалды да бола алады. Сондықтан көп тілді тұлғаның концептінің құрау кезінде біз көпмәдениетті тұлға, этномәдениет субъектісі, этнос субъектісі деген ұғымдарды ескермей қоя алмаймыз. Өйткені көптілді мәдениетті тұлға өз мәдениетін басқаларға хабардар ете алатыны арқылы айқындалады. Ол үшін өз мәдениетін терең білу басқаларға деген қызығушылық қатынастың негізі болып табылады, ал басқалардың мәдениетімен танысу — рухани даму мен баюдың негізі [6]. Екінші ұғым, яғни, этномәдениет субъектісі этникалық, мәдени этноәлеуметтік және азаматтық ұқсастық негізінде айқындалады [7]. Үшінші ұғым — этнос субъектісі этноәлеуметтік құндылықтарды жалпыадамзаттық және диалектикалық бірлікте белсенді жеткізуші, өзгертуші және транслятор ретінде қарастырылады.

Егер толық және мұхият талдау жасайтын болсақ, оларды құруға негіз болған ой — ұқсастық теориясы екенін көруге болады. Ұқсастық теориясына сәйкес тұлғалардың ұқсастығы құрамына қарай үш компоненттен тұрады: когнитивті, аффективтік және мінез-құлықтық (поведенческий).

Көптілді тұлға өзінің қалыптасу сатысында осы үш (әлеуметтік, мәдени, тілдік) ұқсастық сатылардан өтетін болғандықтан, оның құрылымында осы компоненттерді ерекшелеуге барлық негіз бар.

Сонымен, көптілді тұлғаның когнитивті компоненті жүйеленген теоретикалық білімдер мен оқытудың машықтары мен біліктіліктерінің қосындысын есепке ала отырып, көптілді білім берудің мазмұнымен детерминделген. Олай болса, айтылған компоненттің негізгі критерийі ретінде осы қоғамда қолданылып отырған ана тілі, мемлекеттік тіл және басқа тілдердегі, сонымен қатар қазіргі тілдік білім берудің мәдениаралық парадигмасына сәйкес бір немесе бірнеше шет тілдеріндегі білім, машық (дағды) және біліктілік болып табылады.

Аталған критерийдің мәні үш деңгейге бөлінген (жоғары, орта, төмен). Оның көрсеткіштерінің жиынтығымен анықталады. Осыған орай біз жоғарыда аталған барлық тілдерді де қазақ, орыс және бір шет тілі сияқты еркін меңгеру көптілді тұлғаның когнитивті компонентінің жоғары деңгейде қа-

лыптасқанының белгісі деп есептейміз. Ал орыс және шет тілдерін ғана еркін меңгеру төмен деңгейдің белгісін көрсетеді, өйткені көптілді тұлға міндетті түрде мемлекеттік тілді меңгеруі керек.

Қазақ және шет тілдерін еркін меңгерудің үйлесімі және орыс тілін үзінді (фрагментарлы) меңгеруді біз жоғары және орта деңгейге жатқызамыз. Жоғары деңгейге біз бұндай үйлесімді егер тек ғана орыс тілі ана тілі ретінде болмаған жағдайда, ал орта деңгейге егер орыс тілі ана тілі ретінде болған жағдайда жатқызамыз (теориялық тұрғыдан қазіргі Қазақстанда мүмкін жағдай). Көптілді тұлға құрылымында аффективті компонент тілдерге деген қызығушылық пен тілдерді білудің әлеуметтік маңызын түсінушіліктен тұрады. Бірінші критерийдің көрсеткіші ретінде аффективті компоненттің жасалғандығының жоғары деңгейін көрсететін барлық тілдерге (ана тілі, қазақ тілі, орыс және шет тілдері) деген тұрақты қызығушылық саналады. Қызығушылықтың түрлерінің ішінен біз басыңқы қызығушылықты ерекше бөліп қараймыз. Соған байланысты барлық тілдерге деген жалпы қызығушылық болғанымен ана тіліне және қазақ тіліне деген басымдылықты біз сөзсіз жоғары деңгейге жатқызамыз. Көптілді тұлғаның орыс және шет тіліне көп көңіл бөлуі — ол басқа жағдай. Бұл жерде, егер орыс тілі ана тілі ретінде болса, ол жоғары деңгей, ал ана тілі ретінде болмаса, онда орта деңгей болып саналады.

Бір тілдің басымдылығы екінші тілге зиян екенін атап кетуіміз керек. Бұл орайда тілдерді оқытудың әлеуметтік тапсырысын және Қазақстандағы тілдердің іс жүзіндегі қатынас жағдайын есепке ала отырып, біз қазақ тілін мемлекеттік тіл ретіндегі әлеуметтік маңызын түсіну критерийін ерекше атар едік. Қазақ тілін дамытуды көздейтін нормативтік құжаттардың және заңдардың қабылдануына қарамастан, шын мәнінде, қазақ тілі функционалды белсенділік жағынан, тілдің қолдану аясы жағынан осалдық танытып отырғаны шындық. Осы себептен де біз көптілді тұлғаның жүріс-тұрыс компонентінің жасалуының бірден бір көрсеткіші ретінде қазақ тілін қолдануды ерекше атап өтеміз. Біз бұл компоненттің критерийлері көрсеткіштерінің қосындысын этномәдени білім беру кеңістігінің құрылым бөліктерімен: атап айтқанда, институционалдық (мектептер, жоо, т.б.), институционалды емес (курстар, кітапханалар, радио т.б.), үйреншікті емес (отбасындағы оқыту мен тәрбие, достары, көршілері арасындағы қарым-қатынас) бөліктеріне сәйкес анықтадық [8].

Сонымен, көптілді тұлғаның критерийлер мен көрсеткіштерден тұратын құрылымдық компоненттері оның қалыптасқандығының деңгейлерін, дәлірек диагностика жасау және өлшеуге мүмкіндік береді. Сондықтан көптілді білім берудің индикаторы көптілдік тұлғаның мақсаты мен нәтижесі сияқты оның қалыптасқандығының өлшемдері жүйесінде көрсетілген (1-кесте).

Қойған мақсатымызға сәйкес күткен нәтижеміздің образын анықтағаннан кейін біз енді үш компонентке топталған, ұсынылған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде көптілді тұлғаның қалыптасуының деңгейлерін көрсете аламыз.

Когнитивті компоненттің критерийі диагностикалық өлшемге көп ұшырайды.

Арнайы құрастырылған және оңайлатылған оқу тестерінің көмегімен ана тілі, қазақ тілі, орыс тілі үшінші компонентті де диагностикалау онша қиындық тудырмайды. Негізінде бұл жерде тікелей, бүркеме, өткенді шолатын бақылау әдістері және тәуелсіз мінездемелерді құрастыру және зерттеу әдістері қолданылады.

Аффективті компоненттің критерийінің сандық көрсеткіштерін өлшеу көп қиындық туғызады, өйткені ол тікелей бақылауға келмейді. Бұл жерде сауал-сұрақ жүргізу әдісі де жеткіліксіз болады. Сондықтан қандай да бір қарым-қатынастарды, қызығушылықты, құндылық бағыттарды қалыптастыратын бүркеме процестерді ашуға бағытталған психологиялық тестерді қолдану орынды. Тұжырымдап келгенде, диагностиканың барлық нәтижелері нақты жағдайды, яғни жеткен табыстарды, оларды бекіту жолдарын немесе жіберілген қателіктерді, оларды жоюдың жолдарын жеткілікті көрсетеді. Бұл нәтижелерді бекітіп есепке алуға технологиялық картасы процестің күйі туралы жүйелі толық мәлімет беретін педагогикалық (барлау) мониторинг көмектеседі. Ұсынылып отырған педагогикалық мониторинг көптілді білім берудің субъектісінің әрекетін кешенді түрде қамтиды. Сондықтан оның құрылымы екі үлкен блоктар арқылы анықталады: оқу іс-әрекеті және сабақ беру әрекеті (2-кесте). Бұл блоктардың әрқайсысы олардың іс-әрекеттерінің негізгі көрсеткіштеріне сәйкес бөлімдерден тұрады. Бірінші блогтың бөлімдері оқу іс-әрекетінің көптілді тұлғаның қалыптасуының компоненттеріне (когнитивті, аффективті және жүріс-тұрыс) сәйкес жүйеленген нәтижелерін көрсетеді (3-кесте); екінші блогтың бөлімдері ұстаздардың дәстүрлі және инновациялық қызметінің нәтижелерін қамтып көрсетеді (4-кесте).

## Көптілдік тұлғаның қалыптасқандығының өлшемдер жүйесі

	Критерийлер	Көрсеткіштер	Денгейлер		
			В	С	Н
Когнитивті компонент	Ана тілі, қазақ тілі, орыс тілі, бірінші шет тілі, екінші шет тілдерінде білім, машық және біліктіліктер	Аталған тілдердің барлығын еркін меңгеру	+		
		Шет тілінен басқа аталған тілдердің барлығын еркін меңгеру	+		
		Қазақ тілін, орыс тілін және бір шет тілін еркін меңгеру	+		
		Қазақ тілін, орыс тілін еркін меңгеру, шет тілін кескінді меңгеру		+	
		Қазақ тілін, шет тілін еркін меңгеру, орыс тілін кескінді меңгеру	+	+	
		орыс тілін, шет тілін еркін меңгеру, қазақ тілін кескінді меңгеру			+
Аффективті компонент	Тілдерге қызығушылық (ана тілі, қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі)	Аталған барлық тілдерге деген тұрақты көзқарас	+		
		Барлық тілдерге қызығушылық, ана тіліне басымдылық	+		
		Барлық тілдерге қызығушылық, қазақ тіліне басымдылық	+		
		Барлық тілдерге қызығушылық, орыс тіліне басымдылық	+	+	
		Барлық тілдерге қызығушылық, шет тіліне басымдылық			+
Тілдерді білудің әлеуметтік маңызын ұғыну	Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білудің әлеуметтік маңызын жете түсіні	+			
Жүріс-тұрыс компоненті	Қажеттілікке қарай ана тілін, қазақ тілін, орыс тілін, шет тілін белсенді қолдану	Институционалдық, институционалды емес, үйреншікті емес ортада	+		
		Институционалдық, институционалды емес, үйреншікті емес ортада	+		
	Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде белсенді қолдану	Институционалдық, институционалды емес ортада		+	
		Институционалдық ортада			+

*Ескертулер.* Тілді еркін меңгеру дегеніміз — үйренушілер үшін — сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша (оқу, жазу, сөйлеу және тыңдап түсіну) дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру; ал педагогтар үшін — сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша қалыптасқан дағдылар мен біліктіліктер және сонымен қатар тілдің кәсіби бағдарлы білімдері; тілді кескінді (фрагментарное) меңгеру дегеніміз — дағдылар мен біліктіліктердің сөйлеу әрекетінің төрт түріне сай емес қалыптасуы.

## Көптілді білім берудің педагогикалық мониторингісінің жалпы құрылымы

Оқу іс-әрекетінің нәтижесі	I-блок	Сабак беру әрекетінің нәтижесі	II-блок
Когнитивті компонент	I.1	Нормативті-дәстүрлі іс-әрекет	II.1
Аффективті компонент	I.2	Инновациялық іс-әрекет	II.2
Жүріс-тұрыс компоненті	I.3		

## Көптілді білім берудің педагогикалық мониторингісінің құрылымы (I-блок)

I-блок	Оқу іс-әрекетінің нәтижесі	Технологиялық картаның нөмірлері
I.1 Когнитивті компонент	Ана тіліндегі білім, машық және біліктіліктер	I.1.A
	Қазақ тіліндегі білім, машық және біліктіліктер	I.1.Б
	Орыс тіліндегі білім, машық және біліктіліктер	I.1.B
	Бірінші шет тіліндегі білім, машық және біліктіліктер	I.1.Г
	Екінші шет тіліндегі білім, машық және біліктіліктер	I.1.Д
I.2 Аффективті компонент	Тілдерге қызығушылық (ана тілі, қазақ тілі, орыс тілі, шет тіліне)	I.2.A
	Тілдерді білудің әлеуметтік маңызын ұғыну	I.2.Б
	Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білудің әлеуметтік маңызын түсіну	I.2.B
I.3 Жүріс-тұрыс компоненті	Қажеттілікке қарай ана тілін, қазақ тілін, орыс тілін, шет тілін белсенді қолдану	I.3.A
	Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде белсенді қолдану	I.3.Б

**Көптілді білім берудің педагогикалық мониторингісінің құрылымы (II-блок)**

II-блок	Сабақ беру әрекетінің нәтижесі	Технологиялық картаның нөмірлері
II.1 Нормативті-дәстүрлі іс-әрекет	Теориялық білімдер	II.1.A
	Білу дидактикасы	II.1.B
	Ұйымдастыру дағдылары	II.1.B
II.2 Инновациялық іс-әрекет	Творчестволық тәжірибе	II.2.A
	Зерттеу тәжірибесі	II.2.B

Кестеде көрсетілгендей, көптілді білім берудің мониторингісі кешенді мониторинг білім берудің құрамды бөлігі болып табылады, өйткені ол білім алушылардың іс-әрекетінің нәтижесін тек ғана тілдік пәндерді оқыту кезінде, тілге қызығушылықты, тілдік әрекеттерді бақылауды мақсат етеді. Бұларға бұл жерде ана тілінде емес және шет тілдерінде жүргізілетін пәндерді де қосуға болатын еді, бірақ бұл пәндерден алатын білім, ең алдымен, тілді меңгеру деңгейіне, оның ішінде ана тілін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

**Әдебиеттер тізімі**

- 1 *Наурызбай Ж.Ж.* Мектеп оқушыларына этномәдени білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері: Пед. ғыл. д-ры ... дис. автореф. — Алматы, 1997. — 45 б.
- 2 *Қожахметова К.Ж.* Қазақ этнопедагогикасы: методология, қағида, тәжірибе. — Алматы: Ғылым, 1998. — 317 б.
- 3 *Наурызбай Ж.Ж.* Этномәдени білім. — Алматы: Ғылым, 1997. — 152 б.
- 4 *Караулов Ю.Н.* Орыс тілі және тілдік тұлға. — М.: Ғылым, 1987. — 264 б.
- 5 *Халеева И.И.* Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика). — М.: Высш. шк., 1989. — 238 с.
- 6 *Полонский В.М.* Білім берумен педагогикадағы терминдер мен ұғымдар сөздігі. — М.: Педагогика, 2000. — 268 б.
- 7 *Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю.* Педагогика сөздігі. — М.: ИКЦ, 2005. — 448 б.
- 8 *Тлеужанова Г.К., Сырымбетова Л.С.* Тұлға этномәдени субъектісі ретінде: қалыптасудың теориясы және тәжірибесі. — Қарағанды: Санат, 2008. — 138 б.

Б.А. Жетписбаева, Б.А. Бейсенбаева

**Педагогический мониторинг полиязычного образования**

В статье рассматриваются специфика педагогического мониторинга, общая структура педагогического мониторинга полиязычного образования, структурные компоненты полиязыковой личности и даются определения понятиям «поликультурная личность», «субъект этнокультуры» и «субъект этноса». Авторы определяют педагогический мониторинг как метод и средство педагогического менеджмента. Структурные компоненты полиязыковой личности, которые позволяют наиболее точно диагностировать и измерить уровни ее сформированности, представлены в таблицах.

This article deals with the specifics of pedagogical monitoring, the general structure of pedagogical monitoring of polylingual education, structural components of polylingual personality, the concept of multicultural identity, the subject of ethnic culture and the subject of ethnicity. The authors determine pedagogical monitoring as a method and a means of pedagogical management. The structural components polylingual personality representing a unique combination of criteria and indicators that can most accurately diagnose and measure the levels of its formation are presented in the tables.